

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2017

**УДК 613.955**

**В. Н. Приз, Г. Н. Талиева, Ж. К. Шайхина, Л. Н. Ботченко, Г. А. Бакарамова**

## **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ОҚУ ҮРДІСІН ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ**

Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің еңбек гигиенасы, кәсіби аурулар, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада Қарағанды қаласының мектептерінде 2014 жылғы қабылданған «Білім беру объектілеріне санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалар талаптарының іс жүзінде орындалуы қарастырылды. Талдау жұмысы барысында зерттеуге алынған санитариялық қағидаларының негізгі 8 пунктінің нәтижесі оқу үрдісінің үйімдастырылуы оқу жүктемесінің ұтымсыз бөлінімен сипатталатынын көрсетті. Сонымен қатар, сабак кестесін құру пәннің қындық дәрежесін, сонымен қоса оқу күнінде баланың жұмысқа қабілеттілік езгерісінің физиологиялық принциптері ескерілмей жүргізілгені анықталды.

*Кітт сездер:* жалпы білім беру мекемесі, санитариялық қағидалар, оқу үрдісі, оқу жүктемесі

Кейінгі жылдардағы көптеген ғылыми мәліметтерде жедел қарқынмен өзгеріп жатқан экологиялық фон, әлеуметтік-экономикалық мәселелер, балаларды медициналық қамтамасыздандырудың өзгерістерге байланысты мектепке дейінгі және мектептік мекемелерге келетін деңсаулығында ақауы бар балалардың саны артып келе жатқандығы туралы жиі айтылуда [2]. Осы жағдайға байланысты балалардың оқу іс-әрекетіне бейімделуі қынданап, мектептік білім алуға қажетті организмнің маңызды функцияларының (есте сақтау, зейін, оқу тапсырмаларын орындау) мүмкіндігі төмен болып келетіндігі туралы пікірлер көбейуде [4, 5]. Оқушылар организміне әсерін тигізетін көптеген мектеп ішілік факторлардың арасындағы, ең маңыздысы қалыптастып келе жатқан организмнің функционалдық мүмкіндігіне тікелей әсерін тигізетін оқу - үрдісінің қойылымы, осы саладағы зерттеуші мамандарды ойландырып келе жатқан, шешімі қын өте күрделі мәселелердің біріне жатады [6, 7]. Қазіргі кездегі мектептік оқу-тәрбие үрдісіне енгізілген езгерістерде негізінен балалардың іс-әрекетінің бір күндік ұзақтығы ғана ескеріліп реттелген, ал әрбір сабактың қындық дәрежесі, балалар организмінің жас ерекшеліктеріне байланысты қажу мүмкіндігі реттелмеген және жедел енгізілген қарқынды жүктемелерге, тосыннан келген жаңа бастамаларға балалар организмінің бейімделу мүмкіндіктері ескерусіз қалған. Осылан байланысты жұмыстың **зерттеу мақсаты** – жалпы білім беру мекемелерінің оқу үрдісінің қойылымына гигиеналық баға беру және санитариялық талаптарға сәйкестігін анықтау.

### **ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРИ**

Зерттеу жұмысы Қарағанды қаласының жалпы білім беретін мектептерінде жүргізілді.

Зерттеуге алынған «Білім беру объектілеріне санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының мәселеге сәйкес негізгі 10 бөлімінен 8 көрсеткіштерінің (235, 236, 237, 238, 239, 240, 241 және 243 пункттерінің) іс жүзінде орындалу барысын талдауға алдық.

### **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Еліміздегі кейінгі кезде қабылданып жатқан мектептік реформаларға байланысты мектептік оқу жүктемесінің 2011 жылғы санитарлық-нормативтік құжат және 2014 жылғы қабылданған «Білім беру объектілеріне санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалардың мәліметтерін өзара салыстырсақ, 2011 жылы барлық сынныптарда (1-ші сынныптан 11 -ші сынныпқа дейін) оқу жүктемесі 30%-дан 54,2%-ға дейін жоғарылатылған. 2014 жылы Санитарлық нормалар мен ережелер республикадағы мектептік білім беру орындарының оқу жүктемесін қайта қарап, 1-сынныптағы жүктеме өзгеруіз қалдырылып, 2-ші сынныптан 9 сынныпқа дейінгі оқушыларға арналған оқу жүктемесінің көлемі едәуір тәмендетіліп, жоғарғы сынныптарға көрініше (10-шы сынныпқа 7%, 11-ші сынныпқа 3% көлемінде) тағы да үстеме жүктеме қосылды [1, 3].

Атальып отырған салыстырмалы көрсеткіштер тек мектептік оқу жүктемесінің көлеміндегі өзгерістерді ғана көрсетеді, ал мектептік білім беру орындарындағы оқу сабактарының жүктемесінің еселеңімен бірге енгізіліп жатқан басқа жағдайлар, бүкіл оқу-тәрбие үрдісінің түбебейлі өзгеріліп жатқандығы, жаңа пәндердің енгізуі, жаңа оқу технологияларына көшу жағдайлары нормалық құжатта нақтыланбаған.

Қолданылып жүрген Санитариялық қағидалардың оқу тәрбие үрдісіне қойылатын

## Экология и гигиена

аталған 8 пунктінің талаптарының Қарағанды қаласындағы жалпы білім беретін мектептерде орындалуына талдау жүргізгенімізде, нормалық құжат талаптарының бірқатарының сақталмайтындығы, бірқатарының дұрыс орындалмайтындығы анықталды, атап айтқанда 235 пунктінде жалпы білім беретін үйымдардағы сабактың ұзақтығы 45 минуттан аспауы тиістігі аталаған көрсетілген. Бірінші сыныптарда бірте-бірте оқу жүктемесін арттыра отырып, «сатылы» оқу сабактары үшін пайдаланады. Қыркүйекте 35 минуттан 3 сабак, екінші тоқсаннан бастап 35 минуттан 4 сабак, екінші жартышылдықтан бастап сабактар 45-минуттан жоспарланады. Еңбек сабағынан басқа біріккен сабактарға жол берілмейді. Бірінші сынып оқушылары үшін бір жыл ішінде қосымша бір апталық демалыстар болуы тиіс. Бұл қойылған талаптардың орындалу мүмкіндігі 100%-ды көрсетті. 236 пунктінде айқын көрсетілген мектептік жалпы білім беру мекемелерінің апталық жүктемесі берілген нормадан аспауы керек туралы талабы зерттеуге алынған мектепте орындалмайтындығы анықталды, яғни, факультативтік, топтық, жеке сабактардың көлемі оқушыларға шекті рұқсат етілген жүктеме деңгейінен барлық жағдайда асып тұрғандықтан, нормативтік құжаттың үлкен пункті орындалмайды деп алдынды (орындалуы 0%). Аталаған 236 пункттің талабы орындалмайтындықтан, келесі 239 пункттің факультативті сабактар міндетті түрде оқу сабактарының азайтылған күндеріне қойылуы қажет деп көрсетілген талабы да сақталмайтындығы анықталды (0%).

237 пунктінде сабак кестесін құрған кезде, бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік динамикасы ескеру қажеттігі көрсетілген. Бұл қойылған талаптардың да орындалу мүмкіндігі 100%-ды көрсетті. 238 пункт талабы, апталық сабак санының орындалуы туралы. Үлкен талап зерттеліп отырған мектепте сақталғанымен, оқушылардың қызмет қабілетінің жақсы мүмкіндігін сақтау үшін аптаның ортасында (сәрсенбі) женілдетілген оқу күні жасалуы қажет деп атап көрсетілген талаптың барлық жағдайда орындалмайтындығы байқалды, яғни 83,75%-ды көрсетті.

239 пункт сабак кестесіне қойылатын талаптарды регламенттейді. Үлкен пункт талабы бойынша мектептік сабактардың кестесі міндетті және факультативті сабактар үшін бөлек құрастырылады. Факультативті сабактар міндетті сабактар санының барынша аз саны

бар күндері жоспарланады. Факультативті және міндетті сабактың соңғы сабағының басталуы арасындағы үзілістің ұзақтығы 45 минут болуы қажет. Үлкен пункттің орындалуы 0% болды. Факультативтік сабактар мен міндетті түрдегі өткізетін негізгі сабактардың сабак кестесі жеке жасалып, олардың арасында қажетті белгілі үзіліс мөлшері сақталмаған. Бірақ, сабактардың жүктеме көлемі оқу орнының барлық сыныптарында өте көп мөлшерде жоғарылағандығы, факультативтік сабактарды міндетті түрде негізгі сабактардың аз қойылған күндеріне жоспарлау мүмкін еместігі анықталды.

240 пункт – бастауыш мектепте қосарлы сабак өткізуге болмайтындығы туралы. Үлкен қойылған талаптардың орындалу мүмкіндігі 50%-ды көрсетті. 241 пункттың талабы бойынша жалпы білім беретін үйымдардың барлық түріндегі оқушыларға арналған сабактар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 10 минут, үлкен үзіліс (2 немесе 3 сабактан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына 2 және 3 сабактан кейін әр қайсысы 20 минуттан 2 үзіліс жасауға жол беріледі. Үзілістерді қозғалыс ойындарында таза ауаны барынша көп пайдалану кезінде жүргізеді. Үлкен пункттің талабы бойынша сабак арасындағы берілген үзіліс мөлшері ешбір сыныпта сақталмайтындығы, барлық зерттелген сыныптарда кіші үзіліс 5 минут, үлкен үзіліс 10 минут қана екені анықталды, яғни орындалуы – 0%.

243 пунктте мектеп алды сыныптарындағы сабактардың барынша көп рұқсат етілген саны ұзақтығы 25 – 30 минуттан төрт сабактан аспайды. Сабактар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут болуы тиіс. Үлкен талаптың орындалуы, жалпы білім беру мектебінде орташа алғанда мектеп алды сыныптарында 20% мөлшерінде ғана екені анықталды.

Мектептік білім беру орнында Санитариялық қағидалардың аталаған отырған бөлімінің талаптарының орындалуы – 69,88% көрсетті. Яғни, аталаған отырған негізгі гигиеналық нормативтік құжаттың мектептің оқу-тәрбиесін реттейтін негізгі 10 бөлімінде көрсетілген талаптардың орындалуы іс жүзінде орындалуын қадағалау барысында кездесетін объективті қындықтарды байқатты, яғни нормативтік құжаттың нақтыландырылуы қажет тұстарын анықтауға мүмкіндік берді.

Мектептегі ең негізгі жұмыстың түрі әрбір сыныптарға сабак кестесі арқылы берілетін күнделікті оқу жүктемесі, оған

қосымша окушыларға жүргізілетін топтық, факультативтік сабактар және үйге берілген тапсырманы орындау болып табылады. Оку жүктемесінің дұрыс бөлінуін анықтаудың бір ғана жолы сабак кестесінің құрылымын, жоспарын, іс жүзінде орындалуын зерттеу арқылы анықтауға болады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесі оку үрдісінің үйімдастырылуы оку жүктемесінің ұтымсыз бөлінуімен сипатталатынын көрсетті. Осылайша оку орнында апталық оку жүктемесінің рұқсат етілген деңгейі 15% асып тұрғаны анықталды. Сабак кезіндегі оку жұмысының тығыздығы ұсынылған гигиеналық нормадан 8% жоғары болды. Мұндай жағдай апталық сабак кестесін құру кезінде де байқалды. Сабак кестесін құрастыруда міндетті түрде окушы организмінің функционалдық мүмкіндігінің классикалық қисық сзығы сақталуы қажет. Зерттеу мәліметтерінен мектептік оку орнында сабак кестесінің қойылымы окушылардың функционалдық мүмкіндігіне сәйкестендірілмегендігі және зерттелген сыныптарда зерттеуге алынған мерзімдегі сабак жүктемесінің мөлшері берілген нормадан 1сағаттан 3 сағатқа дейін жоғарылағандығы байқалды.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, Қарағанды қаласының жалпы білім беретін мектептерінде оку үрдісінің қойылымын зерттеу кезінде мектеп окушыларының денсаулығын сақтап, жақсартуға, дene бітімі дамуының дұрыс қалыптасуына, жалпы организмнің қызмет қабілетін нығайтуға, жақсартуға кедергі келтіретін кемшіліктер байқалды. Жүргізілген зерттеу нәтижесі оку үрдісінің үйімдастырылуы оку жүктемесінің ұтымсыз бөлінуімен сипатталатынын көрсетті. Осылайша оку орнында апталық оку жүктемесінің рұқсат етілген деңгейі 15%, оку жұмысының тығыздығы ұсынылған гигиеналық нормадан 8% жоғары болғаны анықталды. Сабак кестесін құру пәннің қындық дәрежесін, сонымен қоса оку күнінде және оку аптасында баланың жұмысқа қабілеттігінің физиологиялық өзгеру принциптерін ескерілмей құрылған. Оку күнінде сабак кестесінде ауырлық дәрежесі 6-8 баллмен бағаланатын (математика, орыс тілі, табиғаттану) пәндер бірінші және соңғы сабакта өткізілді, бұл жұмысқа қабілеттікін өндірілуі мен төмендеу кезеңіне сәйкес келмейді. Ауырлық дәрежесі 2-4 баллмен бағаланатын пәндер (ән-күй, бейнелеу, еңбек) екінші, үшінші және төртінші сабак болып өткізілді, бұл жоғары және

тұрақты жұмысқа қабілеттілік кезеңіне сәйкес келмейді. Осылай жағдай апталық сабак кестесінің құрылымында да байқалды.

Бұл мәселені шешуде қолданылып жүрген санитариялық қағидалардың кейір маңызды тұстарын қайта қарап, қосымша әдістеме нұсқаулар беру қажеттігі және нормативтік құжаттағы жоғарыда аталған пункттердің, жаңадан еңгізіліп жатқан ұсыныс, нұсқаулардың орындалуына қадағалау жасау керек.

### ӘДЕБИЕТ

1 «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру обектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1684 Қаулысы

2 Бурханов А. И. Состояние здоровья учащихся школ различного профиля /А. И. Бурханов, Т. А. Хорошева //Гигиена и санитария. – 2008. – №3. – С. 61-64.

3 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру обектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

4 Нагаева Е. В. Рост как критерий здоровья ребенка //Педиатрия им. Г. Н. Сперанского. – 2009. – Т. 87. – №3. – С. 58-63.

5 Өтелбаева С. А. Қазақстанның мектеп жасына дейінгі балалардың бұрынғы он жылдықпен салыстырғандағы дene құрылымы дамуын ретроспективті талдау //Астана мед. журн. – 2001. – №4. – Б. 20-24.

6 Приз В. Н. Влияние экспериментальных программ обучения на состояние здоровья учащихся инновационных школ //Медицина и экология. – 2002. – №2. – С. 39-41.

7 Швецов А. Г. Изучение влияния обучения по экспериментальной программе на состояние здоровья гимназистов /А. Г. Швецов, С. М. Кабиева //Гигиена и санитария. – 2000. – №3. – С. 46-49.

### REFERENCES

1 «Balalar men zhasespirimderdi tərbieleu men bilim beru obektilelerine қojylatyn sanitarijalyk-jepidemiologijalyk talaptar» sanitarijalyk қafidalaryn bekitu turaly» Қazakstan Respublikasy Ykimetiniң 2011 zhylfy 30 zheltoqsandaғы № 1684 Қaulysy

2 Burhanov A. I. Sostojanie zdorov'ja uchashhihsja shkol razlichnogo profilja /A. I. Burhanov, T. A. Horosheva //Gigiena i sanitarija. – 2008. – №3. – P. 61-64.

## Экология и гигиена

3 Қазақстан Республикасы Ұлттық екonomika ministriniң 2014 zhylғы 29 zheltoқşandaғы № 179 byjryfymen bekitilgen «Bilim beru ob#ektilerine қоялатын sanitarijalyқ-jepidemiolojijalyқ talaptar» sanitarijalyқ қағidalary

4 Nagaeva E. V. Rost kak kriterij zdrov'ja rebenka //Pediatrija im. G. N. Speranskogo. – 2009. – V. 87. – №3. – P. 58-63.

5 Өtelbaeva S. A. Қазақстанның мектеп zhасына dejingi balalardың bygynfы on zhyldyқpen salystyrfandaғы dene құrylymy damuyn

retrospektivti taldaу //Astana med. zhurn. – 2001. – №4. – P. 20-24.

6 Priz V. N. Vlijanie eksperimental'nyh programm obuchenija na sostojanie zdrov'ja uchashhihsja innovacionnyh shkol //Medicina i jekologija. – 2002. – №2. – P. 39-41.

7 Shvecov A. G. Izuchenie vlijaniya obuchenija po eksperimental'noj programme na sostojanie zdrov'ja gimnazistov /A. G. Shvecov, S. M. Kabieva //Gigiena i sanitarija. – 2000. – №3. – P. 46-49.

Поступила 14.04.2017 г.

V. N. Priz, G. N. Taliyeva, Zh. K. Shaikhina, L. N. Botchenko, G. A. Bakaramova  
HYGIENIC EVALUATION OF EDUCATIONAL PROCESS OF EDUCATIONAL INSTITUTIONS  
Department of labor hygiene, occupational diseases, hygiene of children and adolescents  
of Karaganda state medical university (Karaganda, Kazakhstan)

The article presents an analysis of the fulfillment of the requirements of the Sanitary Regulations «Sanitary and epidemiological requirements for education objects» in 2014 by secondary schools in Karaganda.

The results of the study showed that the main 8 points of the Sanitary Rules, the organization of the educational process is characterized by irrational sharing of the academic load. In addition, when drawing up the schedule of lessons, the rank scale of the difficulty of the subject was not taken into account, and also the physiological principles of changes in the working capacity of children during the school day.

*Key words:* general educational institutions, sanitary rules, educational process, training load

В. Н. Приз, Г. Н. Талиева, Ж. К. Шайхина, Л. Н. Ботченко, Г. А. Бакарамова  
ГИГИЕНИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ  
Кафедра гигиены труда, профессиональных заболеваний, гигиены детей и подростков  
Карагандинского государственного медицинского университета (Караганда, Казахстан)

В статье представлен анализ выполнения требований Санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к объектам образования» 2014 г. общеобразовательными школами г. Караганды.

Результаты исследования показали, что по основным 8 пунктам Санитарных правил организация учебного процесса характеризуется нерациональным разделением учебной нагрузки. Кроме того, при составлении расписания уроков не учитывалась ранговая шкала трудности предмета, а также физиологические принципы изменений работоспособности детей за учебный день.

*Ключевые слова:* общеобразовательные учреждения, санитарные правила, учебный процесс, учебная нагрузка